

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«Автомобиль жолдарын салуға арналған республикалық және жергілікті
бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу»
аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері
бойынша
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
2023 ЖЫЛ**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
 - 1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;
 - 2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 207, 238, 317 және 318 баптарына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдардың жолданған хаттары.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Автомобиль жолдарын салуға арналған республикалық және жергілікті бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Автомобиль жолдарына бюджеттен бөлінген қаржылардың пайдаланылуы кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының сақталуы.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

1) «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

2) «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2022 – 31.08.2023 жылдар аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Автомобиль жолдарын салуға арналған республикалық және жергілікті бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 2023 жылғы 28 қыркүйектен 24 қазан аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ және «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ қамтылды.

Автомобиль жолы – берілген жылдамдықтар мен салмақ жүктемелері бар автомобильдердің қауіпсіз, ыңғайлы, жыл бойы қозғалысын қамтамасыз етуге арналған құрылымдардың тұтас кешені.

Жолдар елді мекендер арасындағы қозғалысты қамтамасыз етіп қана қоймайды, шын мәнінде, елдің, облыстың, ауылдың дамуының негізгі факторы болып табылады, халықтың, ауыл шаруашылығының және экономиканың басқа да секторларының өмір ырғағына әсер етеді.

Әр облыста және жалпы елде көлік жүйесі экономика мен әлеуметтік өмірдің дамуындағы маңызды рөлдердің бірін атқарады. Көлік жүйесі жылдар өткен сайын кеңейіп келеді, бірақ, әрине елдегі көлік ағынын арттыруда одан әрі мақсаттарға қол жеткізу жолдарды қажет етеді.

Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, жабдықтау және сауда кәсіпорындарының дамуы мен қалыпты жұмыс істеуі автомобиль жолдарының жұмысына байланысты.

Жол саласы яғни, автомобиль жолдары облыс халқының аса маңызды қажеттіліктерінің бірін – атап айтқанда жүктерді тасымалдау, жөнелту және жолаушыларды тасымалдау қажеттілігін қанағаттандырады.

Елдегі жол айрығының даму деңгейі мен сапасы, белгілі бір дәрежеде оның өркениет деңгейін анықтайды. Ол экономикалық өсуге, сауданың кеңеюіне, өмір сүру деңгейінің жоғарылауына айтарлықтай әсер ете алады. Бұл еңбек өнімділігін арттыруға жүктерді жеткізу немесе жұмыс орнына бару уақытын қысқартуға ықпал етеді.

Көлік коммуникациялары мен автомобиль жолдары елдің барлық аудандары мен облыстарын біріктіреді, бұл оның аумақтық тұтастығының, экономикалық кеңістігінің бірлігінің қажетті шарты болып табылады. Автомобиль жолдары деңгейінің сапалық сипаттамалары көбінесе аймақтың көлік жүйесінің жылдамдығына, уақтылығына, ырғағына, қауіпсіздігіне және жұмысына әсер етеді.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында көлік жүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығы маңызды рөл атқарады. Автомобиль жолдарының рөлі елдің Қарулы Күштерінің ұтқырлығына қойылатын талаптардың өсуіне байланысты елдің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде де маңызды.

Бұдан шығатыны, көлік елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында өте маңызды рөл атқарады. Ал, көлік үшін жолдар маңызды рөл атқарады. Кез-келген елде жолдар экономиканың маңызды көрсеткіші болады және болып қала береді. Нашар жолдар – экономикаға кері әсер. Мемлекет үшін жолсыз жүру проблемасының құнын, автожол желісінің жеткіліксіз дамуымен және оның техникалық жай-күйімен байланысты шығындар мен жоғалған пайданың жалпы сомасы ретінде анықтауға болады.

Алайда, қолданыстағы жолдардың көліктік-пайдалану жағдайын жетілдіру мәселесі толық шешілмеген күйінде қалып отыр, олардың жай-күйі көлік жұмыстарының жалпы көлеміндегі автокөлік үлесінің өсу қарқынына тікелей байланысты. Сондықтан бюджет қаражатын жолдарды қайта құру және жөндеу пайдасына қайта бөлу қажет. Алайда, қаражаттың шектеулі болуына байланысты қайта құру немесе күрделі жөндеудің мәні көбінесе жолдың аздап кеңеюіне дейін жетеді. Бірақ, әдетте, 3-4 жылдан кейін қосымша өткізу қабілеті таусылады, өйткені автомобиль паркі жылына 7-10% - ға өседі, ал халықтың автомобиль жолдарымен қамтамасыз етілуі небәрі 0,5-1,5% - ға артады.

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылса, «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, мемлекеттік басқаруды заңнамада көзделген шекте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарын дамыту, мемлекеттік сатып алу саласында және тұрғын үй инспекциялық саясатында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

Мекемелер, аудиттелетін кезеңде төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер және автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы

трансферттер, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттер, Республикалық бюджеттен көлік және коммуникацияға берілетін субвенциялар есебінен және жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаражат алушылар болып табылады.

Мемлекеттік аудитпен қамту үшін «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ алдын ала зерделеу нәтижелері бойынша 2022 жылы жүзеге асырылған 268002 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 032 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен 3 252 749,0 мың теңге, 055 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферттер есебінен 734 263,0 мың теңге, 268028 «Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру» бюджеттік бағдарламасы, 053 Республикалық бюджеттен көлік және коммуникацияға берілетін субвенциялар есебінен 58 578,0 мың теңге, 2023 жылға жүзеге асырылатын 268 002 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 015 жергілікті бюджет қаражаты есебінен 585 000,0 мың теңге сомасына 2 жоба айқындалды.

Ал, Мемлекеттік аудитпен қамту үшін «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ алдын ала зерделеу нәтижелері бойынша 2022 жылы жүзеге асырылған 492 045 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасы, 028 облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 64 076,0 мың теңге, 055 Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен бойынша 20 659,0 мың теңге сомасына бір жоба айқындалды.

Аудиторлық іс-шарамен қайта құру және күрделі жөндеу жұмыстарымен 3 жоба жолдары көрілді. Атап айтсақ:

- «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ бойынша *«ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу»* жұмыстары жобасы және *«Түркістан қаласына Кентау қаласы жағынан 24 шқ. кіреберіс жолды реконструкциялау»* жұмыстары жобасы;

- «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша *«Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу»* жұмыстары жобасы.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудитпен бюджеттік бағдарламалардың 2 әкімшісі қамтылды.

Аудиторлық іс-шарамен қамтылған бюджет қаражатының көлемі 2022 жыл кезеңі бойынша 4 130 325,0 мың теңге, 2023 жылдың 01 қаңтарынан

31 тамызына дейінгі кезең бойынша 585 000,0 мың теңге жалпы 4 715 325,0 мың теңгені құрады.

Іс-шарамен қамтылған 2 аудит объектісінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 653 808,1 мың теңгені (13,9%) құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың сомасы 314 321,5 мың теңге (6,7%) (*жұмыстарды орындау жолымен қалпына келтіруге жататыны 736,1 мың теңге, бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіруге жататыны 313 585,4 мың теңге*), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 339 486,6 мың теңге (7,2%).

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 12 бірлік бұзушылық анықталды, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары 1 бірлік, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама бұзушылықтары 6 бірлік, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама бұзушылықтары 4 бірлік, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 1 бірлік.

Бұдан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 6 материал байқалады, оның ішінде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бұзу бойынша 2 материал, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу бойынша 1 материал, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамасын бұзу бойынша 3 материал.

Автомобиль жолдарын салуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға жүргізілген сәйкестік аудитінде әртүрлі бағыттардағы бұзушылықтар мен кемшіліктер фактілері анықталды, оның ішінде аудит объектілері бойынша:

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ.

Мемлекеттік аудитпен жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге жататын 70,5 мың теңге сомасында қаржылық бұзушылық, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 25 901,2 мың теңге сомасына және рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы 5 бірлікке анықталды. Оның ішінде:

«ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы бойынша:

- Сараптама қорытындысына сәйкес құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімі 10 айды құрайды. Алайда «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 60 бабының 1-тармағын бұза отырып, құрылыстың нормативтік ұзақтығы 10 ай болғанымен, іс жүзінде ҚМЖ 36 айды құрап, сараптамаға сәйкес құрылыстың нормативтік мерзімі сақталмаған.

- Қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан асатын Шартқа қаржыландыру көздерінің өзгеруімен түзілген қосымша келісімдерге сәйкес, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 272-бабын және Шарттың 4.1-тармағының 1) және 2) тармақшаларын бұза отырып, Шарт бойынша қамтамасыз ету сомасы және Шарт мәндері бойынша көзделген аванс мөлшерінің сомасы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шарттары түрінде енгізілген, бұл міндет Шартта көзделмеген. Сондай-ақ, Мердігер тарапынан Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық және тиісінше орындауға кепілдік бермейді, өйткені

азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі шартқа тұрған сәттен бастап, сол жылдың 31 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін қолданылады.

- Жұмыстарды орындаудың дұрыстығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша жол беттерінің кейбір жерлері ойылғаны анықталып, жалпы ойылған жол беттерінің өлшемі 20 м² есептелініп, құны 70,5 мың теңгені құрады.

- Аудиторлық іс-шарамен қамтылған «ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу» жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 2019-2022 жылдары жүргізіліп, нысан 2022 жылғы 26 шілдедегі №3 объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес пайдалануға қабылданған.

Ал, Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы құжат бойынша 1 146 320,1 мың теңге сомасына *(оның ішінде сметалық жобалау құжаттары, құрылыс-монтаж жұмыстары, техникалық және авторлық қадағалау қызметтері)* «ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу» жұмыстарын, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Оңтүстік жолдары» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына аяқталмаған құрылыс құнымен берген, бұл Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бұзу болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 272-тармағын бұза отырып, аудит объектісі 1 146 320,1 мың теңге сомасына жүргізілген шығындардың 2330 «Құрылыстар» шотында активтің аяқталған құрылыс ретінде құжаттық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

«Түркістан қаласына Кентау қаласы жағынан 24 шқ. кіреберіс жолды реконструкциялау» жұмыстары жобасы бойынша:

- Сараптама қорытындысына сәйкес құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімі 22 айды құрайды. Алайда «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 Заңының 60 бабының 1-тармағын бұза отырып, құрылыстың нормативтік ұзақтығы 22 ай болғанымен, іс жүзінде ҚМЖ 2 жылдан асатын уақытты құрап, сараптамаға сәйкес құрылыстың нормативтік мерзімі сақталмаған.

- Жұмыстарды орындаудың дұрыстығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізілді, оның нәтижесі бойынша бұзушылықтар анықталмады.

Алайда, жүргізілген бақылау өлшемі бойынша келесідей тұжырым туындайды. Яғни, салынған тратуар Кентау қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде Хантағы өзенінің үстіне салынған жаңа көпір мен Хантағы елді мекеніне кіре берістегі аялдама арасына төселген. Төселген тратуардың тұсында бұрынғы экскаватор зауыты орналасқан және қазіргі таңда зауыт істен

шығып жарамсыз күйде қалған. Зауыттың жан-жағы бұзылып, шашылып үйіндіге айналған. Сонымен қатар, Хантағы елді мекенінің тұрғындары тарапынан қазіргі таңда аталған тратуарды пайдалану қарқындылығы (интенсивность) жоқ. Тратуар Хантағы елді мекеніне қарай емес, керісінше сыртқа, жарамсыз күйде қалған бұрынғы экскаватор зауытына қарай беттеп салынған және Хантағы елді мекенінен тыс орналасқан. Сондай-ақ елді мекен тұрғындарының күнделікті пайдаланымдағы жаяу жүргінші жолы болып табылмайды. Осы мән жайларды тұжырымдай келе, ұзындығы 1,5 шқ. құрайтын тратуарды төсеуге жұмсалған 25 901,2 мың теңге қаржы тиімсіз жұмсалғандығын көрсетеді.

«Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудитпен жалпы 314 251,0 теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар (оның ішінде жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге жататыны 665,6 мың теңге, бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіруге жататыны 313 585,4 мың теңге), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану 313 585,4 мың теңге сомасына және рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы 7 бірлікке анықталды. Оның ішінде:

«Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы бойынша:

- Сараптама қорытындысына сәйкес құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімі 4 айды құрайды. Алайда, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №2423аңының 60 бабының 1-тармағын бұза отырып, құрылыстың нормативтік ұзақтығы 4 ай болғанымен, іс жүзінде ҚМЖ 11 айдан асатын уақытты құрап, сараптамаға сәйкес құрылыстың нормативтік мерзімі сақталмаған.

- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 272-бабын және Шарттың 4.1-тармағының 1) және 2) тармақшаларын бұза отырып, Құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша Шарттың қамтамасыз ету сомасы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шарты түрінде енгізілген, бұл міндет Шартта көзделмеген. Сондай-ақ, Мердігер тарапынан Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық және тиісінше орындауға кепілдік бермейді, өйткені азаматтық-құқықтық жауапкершілікті ерікті сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі шартқа тұрған сәттен бастап, сол жылдың 31 желтоқсанына (қоса алғанда) дейін қолданылады.

- Мекеме Ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша «АҚНИЕТ-Нұр Құрылыс» ЖШС-мен техникалық қадағалау қызметін көрсету үшін жалпы сомасы 9 263,3 мың теңгеге 17.06.2021 жылы №342 санды шарт түзіп, қаржыландыру көздерінің өзгеруімен 26.07.2021 жылғы №342-1 қосымша келісімге сәйкес Шарттың сомасы 2021 жылға 5 500,0 мың теңгеге және 06.06.2022 жылғы

№342-2 қосымша келісімге сәйкес Шарттың сомасы 2022 жылға 2 200,0 мың теңгеге қаржыландырылып, ұлғайған.

Алайда, 17.06.2021 жылғы №342 шарттың 3.1-тармағының 2) тармақшасының талабы сақталмай шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың осы қаржы жылы сомасынан 3 % мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2021 жылға ($5\,500,0 * 3\% = 165,0$) 165,0 мың теңге, 2022 жылға ($2\,200,0 * 3\% = 66,0$) 66,0 мың теңге қаржы «АҚНИЕТ-Нұр Құрылыс» ЖШС-мен енгізілмеген (*барлық өзгерісте негізгі шарттағы 2021 жылғы 21 маусымдағы «Нурбанк» АҚ-ның №62 төлем тапсырмасы енгізілген*) және Мекеме тарапынан қамтамасыз етілмеген.

- Жұмыстарды орындаудың дұрыстығын растау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша «МГ 70/130» маркалы ҚР СТ 1551-2006 мұнай жол сұйық битумдары (*битумы нефтяные дорожные жидкие СТ РК 1551-2006 марки МГ 70/130*) және «БНД 70/100» маркалы ҚР СТ 1373-2013 мұнай жол тұтқыр битумдары (*битумы нефтяные дорожные вязкие СТ РК 1373-2013 марки БНД 70/100*) жолдардың барлық ұзындығындағы жіктеріне құны 90,3 мың теңгеге құйылмағаны және 20 дана құны 126,2 мың теңге темірбетонды сигналдық бағандардың орнатылмағаны анықталды (*жалпы орындалмаған жұмыстар көлемі 216,5 мың теңге*).

Сонымен қатар, жол беттерінің кейбір жерлері ойылғаны анықталып, жалпы ойылған жол беттерінің өлшемі 60 м² есептелініп, құны 339,4 мың теңгені, жол бойындағы құны 12,3 мың теңгені құрайтын бір дана жол белгісінің бүлінгені, жол жиегінің кейбір жерлері табиғи құбылыстардан (*жаңбыр, қар суларынан*) ойылғаны анықталып, ойылған жол жиектерінің өлшемі 115 м² есептеліп, құны 97,4 мың теңгені құрады (*жалпы кемшіліктер мен ақаулардың құны 449,1 мың теңге*).

- Осылайша, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңының 34-1 бабының 4-тармағының 3), 4) тармақшаларының, 5-тармағының 2) тармақшасының, 73 бабының 6 және 6-1 тармақтарының талаптарын бұза отырып, мердігермен 216,5 мың теңгенің жұмыстары орындалмасада техникалық қадағалауды жүзеге асырушы «АҚНИЕТ-Нұр Құрылыс» ЖШС-нің өкілімен жұмыстар барлық құжаттарға сәйкес және толық көлемде орындалды деп, орындалған жұмыстардың актісінде қолын қойып мөрін басқан.

- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңының 34 бабының 2-2-тармағының 3), 4) тармақшаларының, 2-3-тармағының 1), 5) тармақшаларының, 73 бабының 6 және 6-1 тармақтарының талаптарын бұза отырып, мердігермен 216,5 мың теңгенің жұмыстары орындалмасада авторлық қадағалауды жүзеге асырушы «КАЗНИИХИМПРОЕКТ» ЖШС-нің өкілімен жұмыстар жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес және толық көлемде орындалды деп, объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қолын қойып мөрін басқан.

- Тапсырыс беруші Мекеме тарапынан қадағалаудың болмауынан 216,5 мың теңгенің орындалмаған жұмыстары орын алып, кемшіліктермен қабылданып, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңының 34-2 бабының 1-тармағының 2), 4) тармақшаларының, 73 бабының 6 және 6-1 тармақтарының талаптары бұзылған.

- «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы аясында іске асырылған автомобиль жолы, коммуналдық меншікке алынбаған.

- 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша күрделі жөндеу шығындарының нақты құны 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотында 313 585,4 мың теңге сомасында есепке алынған.

Ал, аяқталған және пайдалануға берілген құрылыс объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзақ мерзімді активтерді есепке алу шотына жатқызылады және «Негізгі құралдар» бөлімі шотының тиісті 2330 «Құрылыстар» шотында көрсетіледі.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының 272-тармағын бұза отырып, аудит объектісі 313 585,4 мың теңге сомасына жүргізілген шығындардың 2330 «Құрылыстар» шотында активтің аяқталған құрылыс ретінде құжаттық ресімделуінің дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі «Автомобиль жолдары туралы» №245 Заңының 3 бабында (бұдан әрі – Заң) автомобиль жолдарының жіктелімі нақтыланған.

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, сондай-ақ елді мекендердің көшелері болып бөлінсе, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары өздерінің маңызы бойынша халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар болып бөлінеді.

Заңның 3 бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, **Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына** – аудан орталықтарын ауылдық елді мекендермен және елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілерімен жалғастырып жатқан автомобиль жолдары жатады. Ал, **Шаруашылық автомобиль жолдарына** – шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік-шаруашылық тасымалдарына қызмет көрсететін, солардың аумағындағы автомобиль жолдары, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарынан оларға кірме жолдар, ауыл шаруашылық ұйымдарының шаруашылық ішіндегі жолдары, қызметтік, патрульдік және жеке меншік автомобиль жолдары жатады.

Ордабасы ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 01 ақпандағы №43 қаулысымен (облыстың жергілікті атқарушы органымен келісілген) жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен

индекстері бекітіліп, оның ішінде «КХОР-26» индексі «КХ-17-Ордабасы» аудандық маңызы бар автомобиль жолы атауы берілген.

Алайда «КХОР-26» индексі «КХ-17-Ордабасы» аудандық маңызы бар автомобиль жолы, аудандық маңызы бар автомобиль жолы жіктеліміне жатпайды деп есептейміз. Себебі, аталған автомобиль жолы Бадам ауылы мен Монтайтас ауылындағы қолданыстағы автомобиль жолынан бөлініп, шамамен 4,5 шқ. қашықтықта орналасқан кәсіпкерлік нысанына барып тіреледі, яғни елді мекендер аралығын жалғамай, Бадам мен Монтайтас ауылдарын жалғайтын жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолынан кәсіпкерлік нысанына баратын кірме жол болып табылады.

Осылайша, Шаруашылық автомобиль жолы, аудан әкімдігінің қаулысымен аудандық маңызы бар автомобиль жолдары жіктеліміне жатқызылған.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 26 бабының 2-тармағында «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары салынған жер учаскелерін қоспағанда, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары жеке меншікте бола алмайды» делінсе, Заңның 7 бабының 4-тармағында «Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары алып жатқан жерлер (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған жерлерді қоспағанда*) мемлекеттік меншікке жатады, бөлінбейді және жеке меншікке берілмеуге тиіс» делінген.

Ал, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолына жерге құқық беру туралы мемлекеттік акт (гос акт) алынбай, тек Ордабасы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қарашадағы №566 қаулысымен (*Ордабасы ауданы әкімдігінің 27.11.2020 жылғы №575 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*) жолға күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы алаңы 4,66 гектар жер учаскесі Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөліміне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығымен бекітіліп берілген. Яғни, бүгінгі таңға дейін жерге құқық беру туралы мемлекеттік акт (гос акт) әзірленбеген және коммуналдық меншікке алынбаған.

Сонымен қатар, Жұмыс жобасы бойынша «АРСЕНАЛ Экспертиза» ЖШС-мен берілген 2020 жылғы 10 желтоқсандағы №АЭ-0001/20 санды қорытындысында, әзірлеуге негіздердің бірі Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының 2020 жылғы 04 желтоқсандағы №31-07-09/2870 санды хаты болған. Хатта, жобаны қаржыландыру ҚР Премьер-Министрі орынбасарының 2020 жылғы 13 қарашадағы бекіткен жол картасында көзделгенін, бұл жоба Түркістан облысының аумағын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде қаржыландырылатыны айтылған.

Ал, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №938 қаулысымен бекітілген Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында (*жоспардың реттік санының 3 қатарында*) және Түркістан облысы әкімінің орынбасарымен келісілген ҚР Премьер-Министрі орынбасарымен бекітілген жол картасында **«Түркістан облысы Ордабасы ауданында көмір химия зауытын салу»** көзделген.

Заңның 17 бабының 3-тармағына сәйкес, Шаруашылық автомобиль жолдарын дамыту, жөндеу және күтіп ұстау осы жолдар қарауына жататын ұйымдар мен жеке адамдардың қаражаттары есебінен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалған (*авторлық және техникалық қадағалау қызметін көрсетуді қоса алғанда*) жалпы құны 313 585,4 мың теңге қаржы тиімсіз пайдаланған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау.

Түркістан облысында автомобиль жолдарының жай-күйі.

Бүгінгі таңға Түркістан облысында автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің ұзындығы **17 503,9 шқ.** құрайды, оның ішінде:

- Республикалық маңызы бар жол **723,1 шқ.** (*жақсы ж/е қанағатты жағдайдағы үлесі 93,4%*);

- жергілікті маңызы бар жол **5 755,1 шқ.** (*жақсы ж/е қанағатты жағдайдағы үлесі 92%*);

- елді мекен көшелері **11 025,7 шқ.** (*жақсы ж/е қанағатты жағдайдағы үлесі 66,3%*).

Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 2022 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 92%-ға артқан.

2022 жылы автомобиль жолдары саласын дамытуға бюджеттен **49,8 млрд. теңге** (*РБ – 26,3 млрд.тг; ОБ – 10,5 млрд. тг; «Ауыл – Ел бесігі» – 4,8 млрд. тг; аудан,қала бюджеті/субвенция – 8,2 млрд. тг*) бөлініп, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен жалпы **794 нысан** немесе **2 094,9 шқ.** жолдар мен көшелер қамтылған. Жыл қорытындысымен 645 нысан немесе 1 247,5 шқ. жол мен көше пайдалануға берілген.

Оның ішінде:

1) Облыстық маңызы бар жолдарға – 24,9 млрд. теңге (*РБ – 19,6 млрд.тг; ОБ – 5,3 млрд.тг*) бөлініп, 52 нысан немесе 879,2 шқ. (*5 көпір; 17 ЖСҚ; күтіп-ұстау*) жол құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылған. (*450,7 шқ. н/е 31 нысан пайдалануға берілген*);

2) Аудандық маңызы бар жолдарға – 5,2 млрд. теңге (*РБ – 3,9 млрд. тг; ОБ – 1,0 млрд. тг; аудан, қала бюджеті/субвенция – 0,3 млрд.тг*) бөлініп, 40 нысан немесе 169,9 шқ. (*3 көпір; 1 ЖСҚ; Сауран күтіп-ұстау*) жолдар күрделі және орташа жөндеу жұмыстарымен қамтылған (*79,1 шқ. н/е 23 нысан пайдалануға берілген*);

3) Елді мекен көшелеріне – 19,7 млрд. теңге (*РБ – 2,8 млрд.тг 3 нысан н/е 10,0 шқ.(нысандар өтпелі); ОБ – 4,2 млрд.тг 128 нысан н/е 87,8 шқ.(74,9 шқ. н/е*

116 нысан пайдалануға берілген); «Ауыл – Ел бесігі» – 4,8 млрд.тг 196 нысан н/е 258 шқ. (165,6 шқ. н/е 153 нысан пайдалануға берілген); аудан, қала бюджеті/субвенция – 7,9 млрд.тг 375 нысан н/е 690 шқ. (322 нысан н/е 477,2 шқ. пайдалануға берілген) бөлініп, 702 нысан немесе 1 045,8 шқ. (717,7 шқ. н/е 591 нысан пайдалануға берілген) елді мекен көшелері құрылыс-жөндеу жұмыстарымен қамтылған.

2023 жылы автомобиль жолдары саласын дамытуға бюджеттен **49 млрд. теңге** (РБ – 9,9 млрд.тг; ОБ – 15,4 млрд.тг; «Ауыл – Ел бесігі» – 11 млрд.тг; аудан, қала бюджеті/субвенция – 12,7 млрд.тг) бөлініп, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен жалпы 676 нысан немесе 1586,4 шқ. жолдар мен көшелерді қамту жоспарланған. Жыл қорытындысымен 635 нысан немесе 1282,6 шқ. пайдалануға беріледі деп көзделген.

Оның ішінде:

1) Облыстық маңызы бар жолдарға – 16,5 млрд. теңге (РБ – 7,0 млрд. тг; ОБ – 9,5 млрд. тг) бөлініп, 28 нысан (12 ЖСҚ; күтіп-ұстау, Сапа) немесе 464,2 шқ. жол құрылыс-жөндеу жұмыстары жоспарланған (18 нысан н/е 246,7 шқ. пайдалануға берілу жоспарланған);

2) Аудандық маңызы бар жолдар – 2,7 млрд. теңге бөлініп, 19 нысан немесе 99,4 шқ. жол күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жоспарланған (17 нысан н/е 79,4 шқ. пайдалануға берілу жоспарланған).

3) Елді мекен көшелеріне – 29,8 млрд. теңге (РБ – 2,9 млрд. тг; ОБ – 3,2 млрд. тг; «Ауыл – Ел бесігі» - 11 млрд.тг; аудан, қала бюджеті – 12,7 млрд.тг) бөлініп, 629 көше (26 аяқ жол) немесе 1022,8 шқ. жөндеу жұмыстары жоспарланған (600 нысан н/е 956,7 шқ. пайдалануға берілу жоспарланған).

Ордабасы ауданы бойынша автомобиль жолдарының жай-күйі.

Аудан көлемінде жалпы автомобиль жолының ұзындығы 1 398,4 шақырымды құрайды, оның ішінде:

- 73,3 шақырымы – республикалық маңызы бар (100% қанағатты);
- 242,8 шақырымы – облыстық маңызы бар (100% қанағатты);
- 93,6 шақырымы – аудандық маңызы бар (68,9 шқ 73,6% қанағатты, 24,7 шқ 26,4% қанағатсыз);
- 988,7 шақырымы – ішкі көшелер (475,5 шақырымы асфальттанған 48%, 162,3 шақырымы – шағал тас 16,4% және 350,8 шақырымы – топырақ жол 35,6%).

2022 жылы Жалпы құны – 1 214,0 млрд. теңгені құрайтын 32,3 шқ. құрайтын 8 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде Ықыластемір, Жұлдыз, Елшібек батыр, Қарақұм, Шұбарсу, Қызылжар, Шұбарсу-2 ауылдарына баратын жолдарға орташа жөндеу және Көмірхимиялық зауытқа баратын жолға күрделі жөндеу жұмыстары.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде 42,4 шақырымды құрайтын 15 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жалпы құны – 1 138,0 млрд. теңге. Оның ішінде:

Асфальт – 4,5 шқ.

Жарықтандыру – 31,4 шқ.

Абаттандыру – 6,5 шқ.

Аудандық бюджет есебінен 88,2 шақырымды құрайтын 39 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жалпы құны – 817,0 млн. теңге. Оның ішінде:

Асфальт – 21,6 шқ.

Тас төсеу – 58,3 шқ.

Аяқ жол – 2,8 шқ.

Жарықтандыру – 5,5 шқ.

Жыл қорытындысымен ішкі көшелердің қанағатты жағдайы 48% құраған (өсім 4,3%).

Жалпы аудандар аумағындағы автомобиль жолдарының сапасын жақсарту жолымен жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларының сапасын жақсартуға бағытталған жергілікті атқарушы органдардың қабылдап жатқан шаралары, елді мекендер тұрғындарының автомобиль жолдарының нәтижелері мен сапасына қанағаттануына ықпал ететін болады.

Мекемелердің функцияларының бірі облыста тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы қаржы-шаруашылық және материалдық-техникалық қызметті қамтамасыз ету болып табылады.

Жол саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде бюджет қаражатын тиімді басқаруды, мақсатты пайдалануды қорытындылай келе, жергілікті атқарушы органдардың автомобиль жолдарын қайта жаңарту және күрделі жөндеу жөніндегі жобаларды іске асыру жолымен аудандар аумағындағы автомобиль жолдарының сапасын жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралары жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларының сапасын жақсартуға бағытталғанын атап өтуге болады.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит объектілері барлық анықталған бұзушылықтарды назарға алды және мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлерімен анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит объектілері бөлінісінде мынадай шаралар қабылданды:

1. «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ бойынша:

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін:

- 70,5 мың теңгенің жұмыстары орындау жолымен қалпына келтірілді (*Басқарманың 07.11.2023 жылғы №30-07-09/1930 санды хаты*);

- «ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы бойынша бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде лауазымды адамдардың іс-әрекетінде ӘҚБтК-нің 238 бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2023 жылғы 06 қарашадағы №08/2486 санды хатпен жолданды.

2. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша:

Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін:

- «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы бойынша бухгалтерлік есептілікті жасау кезінде және мемлекеттік сатып алу туралы шарт шеңберінде лауазымды адамдардың іс-әрекеттерінде ӘҚБТК-нің 207, 238 баптарына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 2023 жылғы 06 қарашадағы №10/2481, №10/2483 санды хаттарымен жолданды.

Сонымен қатар «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы бойынша техникалық, авторлық қадағалауды жүзеге асырған адамдардың және Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің лауазымды адамдардың іс-әрекеттерінде ӘҚБТК-нің 317, 318 баптарына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдар әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына 2023 жылғы 06 қарашадағы №10/2482, №10/2484, №10/2485 санды хаттарымен жолданды.

- Ал, жұмыстарды орындау жолымен қалпына келтірілуі тиіс соманың қалдығы 665,6 мың теңгені құраса, бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіруі тиіс соманың қалдығы 313 585,4 мың теңгені құрады.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылса, «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, мемлекеттік басқаруды заңнамада көзделген шекте тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдарын дамыту, мемлекеттік сатып алу саласында және тұрғын үй инспекциялық саясатында басшылықты жүзеге асыратын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

Автомобиль жолдарын салуға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануына жүргізілген сәйкестік аудитін қорытындылай келе, аудиттелетін кезеңде 2 аудит объектісіне сыртқы мемлекеттік аудиті жүргізіліп, 3 жоба қамтылды. Атап өтсек:

- «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ бойынша «ОҚО Мақтаарал ауданындағы КХ-117 «А/ж А-2 Ленинабад-Үтіртөбе-КХ-75 а/ж» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 0-11,5 шқ. күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы және «Түркістан

қаласына Кентау қаласы жағынан 24 шқ. кіреберіс жолды реконструкциялау» жұмыстары жобасы;

- «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу» жұмыстары жобасы.

Іс-шарамен қамтылған 2 аудит объектісінде анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 653 808,1 мың теңгені (13,9%) құрады. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтардың сомасы 314 321,5 мың теңге (6,7%) (жұмыстарды орындау жолымен қалпына келтіруге жататыны 736,1 мың теңге, бухгалтерлік есеп бойынша қалпына келтіруге жататыны 313 585,4 мың теңге), бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 339 486,6 мың теңге (7,2%).

Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 12 бірлік бұзушылық анықталды, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде заңнама бұзушылықтары 1 бірлік, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама бұзушылықтары 6 бірлік, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама бұзушылықтары 4 бірлік, өзге де салалық заңнама бұзушылықтары 1 бірлік.

Бұдан бөлек, әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 6 материал әкімшілік іс жүргізуді қозғау және қарау үшін тиісті уәкілетті органдарға жолданды.

«Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ бойынша:

1) реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмыстары кезінде құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімдері сақталмаған;

2) шарт міндеттемелерінің орындалуы кезінде Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының және Шарттың талаптары сақталмаған;

3) жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижесімен жалпы құны 70,5 мың теңгеге кемшіліктер (ақаулар) анықталды;

4) «Түркістан қаласына Кентау қаласы жағынан 24 шқ. кіреберіс жолды реконструкциялау» жұмыстары жобасы аясында салынған ұзындығы 1,5 шқ. құрайтын тратуарға жұмсалған 25 901,2 мың теңге қаржы тиімсіз пайдаланған;

5) бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының талаптары сақталмаған.

«Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бойынша:

1) күрделі жөндеу кезінде құрылыс ұзақтығының нормативтік мерзімдері сақталмаған;

2) шарт міндеттемелерінің орындалуы кезінде Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының және Шарттың талаптары сақталмаған;

3) жүргізілген бақылау өлшемінің нәтижесімен жалпы құны 216,5 мың теңгеге орындалмаған жұмыс көлемдері және жалпы құны 449,1 мың теңгеге кемшіліктер (ақаулар), барлығы 665,6 мың теңгеге анықталды;

4) күрделі жөндеу жұмыстары жобасы аясында іске асырылған автомобиль жолы, коммуналдық меншікке алынбаған;

5) объектіні пайдалануға қабылдауға қатысушылар тарапынан нысан кемшіліктермен қабылданған;

6) Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам ауылындағы Көмірхимиялық зауытына баратын автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына жалпы құны 313 585,4 мың теңге қаржы тиімсіз пайдаланылған;

7) бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының талаптары сақталмаған.

Анықталған бұзушылықтарды талдау барысында Мекемелерде Автомобиль жолдары туралы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңнамаларының, бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының, Мемлекеттік сатып алу шартының шеңберінде бұзушылықтардың басым бөлігіне жол берілгенін көрсетеді.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарға жол берудің себептері қолданыстағы заңнама талаптарын сақтамау, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсаудың негізділігі мен заңдылығы бөлігінде басшылық тарапынан әлсіз бақылау болып табылады.

Мекемелерде нормативтік-құқықтық актілерді зерделеуді тұрақты негізде енгізу, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімді пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Автомобиль жолдарын салуға арналған республикалық және жергілікті бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелері Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін 70,5 мың теңгенің жұмыстары орындау жолымен қалпына келтірілгені және әкімшілік шара көру үшін Түркістан облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаменті мен Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына жалпы 6 материалдың жолданғандығы назарға алынсын.

4. Облыс әкімі және облыстық мәслихат аппараттары мен Ордабасы ауданы әкімі аппаратына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпарат жолдансын.

5. Түркістан облысының Ордабасы ауданы әкіміне:

1) 2024 жылғы 10 қаңтарға дейін «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол бергені үшін белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту туралы мәселесі қаралсын;

2) 2024 жылғы 01 тамызға дейін заң талаптарына сәйкес, жалпыға ортақ пайдаланатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесіндегі «КХОР-26» индексі «КХ-17-Ордабасы» аудандық маңызы бар автомобиль жолының жіктелімін қайта қарау және жерге құқық беру құжаттарын рәсімдеу шараларын қабылдау ұсынылсын.

6. «Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2024 жылғы 10 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту туралы мәселесі қаралсын.

7. «Ордабасы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысына:

1) 2024 жылғы 10 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тарту туралы мәселесі қаралсын;

2) 2024 жылғы 15 наурызға дейін құны 216,5 мың теңгеге орындалмаған жұмыстар көлемдерін және құны 449,1 мың теңгеге анықталған кемшіліктерді (ақауларды), барлығы 665,6 мың теңгенің жұмыстарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын;

3) 2024 жылғы 12 сәуірге дейін жалпы құны 313 585,4 мың теңгенің бухгалтерлік есебін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

3.4 Қосымша:

1) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 12 парақта;

2) Іс-әрекеттерінде ӘҚБтК-нің 207, 238, 317 және 318 баптарына сәйкес, әкімшілік іс жүргізуді қозғау үшін әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар материалдардың жолданған хаттары 17 парақта;

3) Тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін 70,5 мың теңгенің жұмыстары орындау жолымен қалпына келтірілгені туралы Басқарманың 07.11.2023 жылғы №30-07-09/1930 санды хаты.